

МАҒЖАН ЖЫРЫ МӘҢГІЛІК



«Үздік ауылдық мәдениет мекемесі - 2023»

130 жыл

«Мағжан жыры мәңгілік»

Желтоқсанның 3 жұлдызында Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына арналған "Мағжан жыры-мәңгілік" тақырыбында көркемөнерпаздар байқауы өтті. Тайынша жұртшылығымен қатар, облыс орталығынан арнайы келген өнер адамдары, яғни әділқазылар алқасы айтылған ән – жырдың, қойылған сахналық туындылардың логикалық-танымдық мазмұны мен әдеби-көркемдігі, грамматикалық сауаттылығына әділ баға беріп, жиын соңында өз ой-пікірлерін айтты. Шынымен де көрермен қауымға және әділқазылар алдында аудандық өнерпаздар бар өнерлерін байқатты. Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» шығармасы бойынша ерекше көрініс көрсеткен Зеленогай орта мектебінің өнерпаздары көрерменнің ерекше есінде қалды. Яснополя, Большеизюм ауылдық округтерінен келген өнерпаздар да өздерінің өнердегі шеберліктерін көрсете білді. Келешегінен үміт күттіретін жас өнерпаздар да қалыс қалмады. Мысалы Н.Рахимованың орындауындағы Абай Құнанбаевтың «Көзімнің қарасы» әні, Бастапқы әскери дайындық ұстаздар тобы орындаған «Атамекен» әні өте сәтті шықты. Ал, «Шабыт» би тобы «Якутяночка» биімен балалық шақты әнге арқау етіп, би билеп, өнерлерін ортаға салды. Қоғамда әр адамның шығармашылыққа деген

талпынысын арттыру, дамуына қолдау көрсету, дәстүрлі әндерді дәріптеу, сондай-ақ, ұлттық тәлім-тәрбиені, әсіресе, жастардың бойына сіңіре отырып ізгілік пен адамгершілікке баулу мақсатында осындай байқауларды маңызы өте зор деп білемін.

2023 жылғы 15 желтоқсанда Петропавл қаласында Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына арналған "Үздік ауылдық мәдениет мекемесі-2023" облыстық байқауының "Мағжан жыры-мәңгілік" атты қорытынды Гала-концерті өтті. Облыста өткен мерекелік жиында үздік деп танылған 5 мәдениет мекемесіне жүлделі орындар берілді. Жүлделі 3 орынды Тайынша және Шал ақын аудандары еншілеп, 750 мың теңге сыйақыға ие болды. Облыс көлеміндегі барлық аудандар арасында 3- орынға ие болу, ерен еңбектің, ұйымдастырушылар мен қатысушылардың, аудандық мәдениет бөлімінің ерен еңбегінің жемісі. Мәдениет қызметкерлерін, мәдени іс-шараларда үнемі белсенділік көрсетіп жүретін қатысушыларды жеңістерімен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз. Аудан мәртебесін көтеріп биік белестерді бағындыра беріңіздер!



демдеп беріп отырған, ой-өрісі кең, жан-жақты, білімді, парасатты, жоғары ақпаратты біліммен қаруланған, өз ісінің шебері - Сандуғаш Жәнәбілқызы жоғары марапатқа лайық жан. Құттықтаймыз!

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ – МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ



Қазақстанның Тәуелсіздік күні – Қазақстан Республикасының басты мемлекеттік мерекесі. Ел тұрғындары бұл мерекені жыл сайын 16 желтоқсанда атап өтеді.

Биыл Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жарияланғанына 32 жыл толды: 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Республиканың тәуелсіздігі мен мемлекеттік егемендігі туралы заң қабылданды. Өткен жылдар ішінде ел қоғам өмірінің барлық салаларын дамытуда айтарлықтай табыстарға қол жеткізді; бұл саясат, экономика, білім, мәдениет және өмірдің басқа да көптеген салалары. Ал мұның барлығы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың және Қазақстан халқының бірлігінің арқасында жүзеге асты. Осы атаулы күні еліміздің түкпір-түкпірінде мерекелік концерттер мен халықтық мерекелер өтуде.

15 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеу қарсаңында Келлер мәдениет үйінде кітапхана және Мәдениет үйі қызметкерлері бірлесіп «Жасай бер, Тәуелсіздік Қазақстан» атты мерекелік концерт ұйымдастырды. Мерекенің салтанатты бөлімін Келлер ауылдық округінің әкімі Ілиясов Досымжан Сұлтанбекулы мен ардагерлер кеңесінің төрағасы Воронина Леонтина Станиславовна ашып, барша ауыл тұрғындарын мерекелем құттықтады. Мереке қарсаңында көзге түскен ауыл тұрғындарын марапаттау дәстүрі бұрыннан бар. Ауыл әкімінің атынан Н.И.Островскийге, Е.М.Штелтерге, Е.Ф.Охновецке алғыс хаттар табыс етілді.

Мереке жүргізушілері У.С.Қожбанов пен Е.С.Красницкая жас ұрпақты отансүйгіштікке, тәуелсіздігімізді қастерлеуге, халқына адал қызмет етуге шақырды. Ұлттар бірлігі мен ынтымағы жайында сөз қозғады. Өз кезегінде ауылдың көркемөнерпаздары көрермендерге айшықты бояулы қойылымдарын тарту етті. Жергілікті ақын Елена Ивановна Гаер Отан туралы шығарған өлеңдерін оқыды. Келлер ауылдық кітапханасының кітапханашылары іс-шараға белсене қатысып, кітап көрмесінің дизайнын жасады.

«Қазақстанның тәуелсіздігі – бай мұра және сенімді болашақ» атты әдеби шолу жүргізді. Жергілікті қолөнер шебері Ш.Дауейдің қолданбалы өнерінің көрмесі де ұйымдастырылды.

Әрбір халық үшін Тәуелсіздік күні – тарихтың жүздеген беттері мен еліне деген шынайы сүйіспеншілігі астасып жатқан ерекше мереке. Ал еліміздің заманауи жетістіктері – болашақ ұрпаққа мұра, XXI ғасырда қуатты, тәуелсіз және қарқынды дамып келе жатқан Қазақстанды құрудың сенімді негізі.

«РУХАНИ ҚАЗЫНА – 2023» ФЕСТИВАЛІ

Желтоқсан айының бірінші жұлдызында Астана қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің ұйымдастыруымен мәдениет және өнер саласы ұйымдары мен қызметкерлерінің арасында ұйымдастырылған жыл сайынғы дәстүрлі «Рухани қазына – 2023» фестивалінің қорытынды кезеңінің жабылу салтанаты өтті.

«Рухани қазына – 2023» фестивалінің жабылу салтанатында ҚР Мәдениет және ақпарат вице-министрі Жүдебаев Арман Әділханұлы сөз сөйлеп, фестиваль жеңімпаздарын құттықтады. Кітапхана саласы бойынша қазылар алқасының шешімімен ұсынылған өтінімдер арасында жүлделі номинацияларға және арнайы жүлделерге лайық деп танылғандар ерекше жоғары марапаттарға ие болды. Аталған іс-шараның басты мақсаты – мәдениет және өнер саласы ұйымдарының шығармашылық жетістіктерін анықтау. еліміздегі мәдениет және өнер ұйымдарының шығармашылығын айқындап, Талантты, өзіндік ерекшелігі бар шығармашылық ұжымдар мен орындаушыларды қолдау. Сонымен қатар, ұлттық және әлемдік мәдениет пен өнердің ең жақсы дәстүрлері мен жетістіктерін жаңғырту, дамыту, насихаттау және қатысушылардың кәсіби шеберлігін арттыру, өңірлердің мәдени мұрасын таныстыру, қызметкерлердің тәжірибе алмасуына жағдай жасау.

«Рухани қазына - 2023» республикалық фестивалінің жеңімпаздары анықталып, мәдениет және өнер саласының қызметкерлері арасында «Рухани қазына - 2023» республикалық фестивалінің жеңімпаздары анықталып,

байқау жеңімпаздары марапатталды. Жалпы быылғы фестивальге еліміздің түкпір-түкпіріндегі музей, кітапхана мен мәдени ойын-сауық ошақтарының 200-ге жуық қызметкері қатысты. Нәтижесінде 29 аталым бойынша үздіктер анықталды. Олар дипломмен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Мәдени мекемелер

арасындағы жеңімпаздарға 1 млн теңгеден, ал мәдени қызметкерлер ішінде үздік деп танылған қатысушыларға 500 мың теңгеден берілді. Сонымен қатар арнайы сыйлық иегерлеріне 300 мың теңгеден табысталды. Мәдениет және ақпарат министрлігі ұйытқы болған іс-шарада сондай-ақ мәдениет саласының үздіктері ұлықталып, 11 маманға төсбелгі тағылды. Жоғары марапаттарға ие болғандардың қатарында Тайынша ауданының мәдениет қызметкері болғаны, әрине аудан үшін үлкен мәртебе. Ол жеңімпазымыз - осы фестивальға қатынасып, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері атанған Келлеровка ауылдық кітапханасының кітапханашысы - Сандуғаш Жәнәбілқызы Боранбаева. Ол осы салада 20 жыл қызмет атқарып келеді.

Адам рухани қазынаға толы байлықты кітаптан алатыны бәрімізге аян. Қазақтың ойшылдары кітапты барлық ілімнің қайнар көзіне балаған. Кітапхана дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі, ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан шырағы биік парасаттылық пен білімділіктің, біліктіліктің киелі ордасы дер едім. Кітапхана оқырман үшін үлкен тәрбие мектебі, сансыз сұрақтардың жауабын табуға болатын сиқырлы да киелі орда. Ел көп біле бермейтін, көп елене бермейтін, бірақ дүйім оқырманның кітап жайлы бағыт-бағдар алуы үшін жан-тәнімен беріліп қызмет атқарып жатқан кітапханашылардың еңбегі ұшан-теңіз. Қасиетті қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылар – ең қажет, абыройлы мамандық иелері. Кітапханашылар білім, ғылым, өнер мен мәдениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосып, өркениетті елге айналуымыздың негізін қалауда.

Міне, осы мамандық иесі, эстетикалық талғамы бай, ойы зерек, қиялы жүйрік, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдаған, оқырмандарға білім мен қажетті ақпараттың тиімдісін



